

## 2020 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды Тереңкөл ауданының ұйымдарында жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 қазандағы № 277/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қазанда № 6579 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 8) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анаынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анаының қамқорлығының қалған, білім беру ұйымдарында түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес Тереңкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2020 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды Тереңкөл ауданының ұйымдарында жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан осы қаулының қосымшасына сәйкес жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

Ескерту. 1 -тармаққа қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді  
- Павлодар облысы Тереңкөл ауданы әкімдігінің 30.10.2020 № 293/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Тереңкөл ауданы әкімінің орынбасары Р. Қ. Ібыраеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Айткенов

Тереңкөл ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "10" қазандағы

№ 277/6 қаулысына

қосымша

**2020 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан  
босатылған адамдарды Теренкөл ауданының үйымдарында  
жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

P/c №	Үйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері қызметкерлердің тізімдік саны %)	( Бас бостандығынан айыру босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Максим-Горький орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекеме" мемлекеттік мекемесі	78	1	1
2	"Агро-Даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК